

Құдайкөлде - жаңа әкім



Ж.ҚАДЫРОВА

Өткен аптада халық қалаулылары Құдайкөл ауылдық округіне әкім сайлады.

Қаңтар айында Екібастұз қалалық аумақтық сайлау комиссиясында округ әкімдігіне үш адам кандидат болып тіркелген болатын. Олар: «Айдар»

шаруа қожалығы басшысының орынбасары Ерлан Қабылтаев, Құдайкөл орта мектебінің директоры Болат Қараев және Қарасор ЖОББМ директоры Қайрат Кәрімжанов.

19 ақпанда өткен әкім сайлау шарасына 12 депутат қатысып, 9-ы Ерлан Қабылтаевтың кандидатурасын қолдап дауыс берді.